АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА АТЫРАУ

АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

24 22 мамыр
20___жылғы «____»_____
Атырау қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

170-ө
№_____
город Атырау

Атырау қаласы бойынша «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңін өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын басшылыққа алып, Атырау қаласы аумағында өнегелі құндылықтарды және отбасы мен некенің жағымды бейнесін санаға сіңіру, отбасы мәртебесін арттыру мақсатында:

1. Атырау қаласы бойынша «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына сәйкес ұйымдастырылсын.

2. Осы өкімнің қосымшасына сәйкес, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы қалалық кезеңінің жеңімпаздарын анықтау бойынша комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

3. Ауылдық округ әкімдері өз аумақтары бойынша «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға ниет білдірген отбасылардың құжаттарын жинақтап, «Қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсынуын қамтамасыз етсін.

4. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы қалалық кезеңін өткізу бойынша қаржылық шығындар Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты «Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны есебінен төленсін.

5. Осы өкімнің қабылдануына орай, қала әкімінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №202-ө «Атырау қаласы бойынша «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңін өткізу туралы» өкімінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы өкімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Ермұхановқа жүктелсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**

000530

Сериялық нөмірді білмес ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНылАДы. Қолдау бойынша мәлімет үшін сенімгері нөмірлерді жіберуге жасалады, белгілеуге тәртіпмен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Какие без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Какие при служебной необходимости делаются в отдельном экземпляре, ЗАБЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

«АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ ҚАРАСТЫ «ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ДВОРЕЦ КУЛЬТУРЫ ИМЕНИ КУРМАНГАЗЫ» ПРИ ГОСУДАРСТВЕННОМ УЧРЕЖДЕНИИ «АТЫРАУСКИЙ ГОРОДСКОЙ ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

05. 07. 2024 ж | № 160-01-3

Атырау қаласы | город Атырау

Бір көзден алу тәсілімен (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды іске асыру туралы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 41-бабының 4, 6-тармақшаларына, сондай-ақ 39-бабының 3-тармағының 46) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын жеңімпаздарын ұлығылау үшін марапаттауға (Теледидар-1дана, жүйе салқындатқышы – 2 дана, бу үтігі – 10дана) сатып алуға 39-бабы 3-тармағының 46-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты М.М.Бердалиев
   - мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы үш өнім берушіге шақыру жіберілсін.
   - Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 4-бабының 1)тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
   - өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, сондай-ақ Заңның 41-бабының 4-тармағына сәйкес жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

Директордың уақытша міндетін атқарушы: **А.Жахиев**

куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

001019

Бланк сериялық нөмірге ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН.